

**«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және дене тәрбиесі» кафедрасы.
«Туған жер – алтын бесігім» клубының 2025-2026 оқу жылының жарты
жылдық жұмысының есебі.**

1. Студенттердің бойында рухани байлықтың, адамгершілік пен инабаттылықтың, патриоттық сезімнің негізін қалыптастыру мақсатында кездесулер ұйымдастырылды. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер әрі тарихшы М. Тынышбаевтың ұрпақтарымен кездесу жоспарланып жүзеге асырылды. М.Тынышбаев қорының президенті Жүнісова Нұршакен апай мен Тынышбанвтың немересі Дәулет-Шейх Әли Асқар Тынышбаев Дәулетұлымен студенттер кездесті. Кездесу барысында Тынышбаевтың өмір тарихы мен қоса фильм көрсетілді.

Модератор т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шамшиева Гаухар Сағындықызы қонақтармен таныстырып, Асқар Дәулетұлына сөз берді. Асқар Дәулетұлы атасы М.Тынышбаевтың өмір жолдары мен оның басынан өткен оқиғаларын әсерлі етіп айтып берді. Атасы екі империяның тағдыр соқпағын көргендігін айтты. Патша үкіметі мен Кеңес одағындағы дәуірінде атасының қиын тағдарына ерекше тоқталды. Патша үкіметі дәуірінде Мәскеудегі оқуды тамамдаса, Кеңес Одағы дәуіріндегі Түркістан Сібір жолын салуда жалғыз маман ретінде Қазақстанға ғана емес Орта Азияға танымал инженер болды деп түйіндеді. Одан кейін сөз кезегі Нұршакен апамызға берілді. Нұршакен апай Тынышбаев туралы тарихи кітаптар мен қатар бірнеше фильмдердің жарыққа шыққандығын баяндады. Кездесу соңында қадірлі қонақтарымызға Университеттің атынан сый құрмет көрсетіп шығарып салдық. Кездесу барысында студенттер сұрақ қойды.



2. Жүмекен Нәжімедінов Сабырұлы қазақ халқының ақыны, Қазақстан жастар сыйлығының иегері, ҚР әнұранының авторы. Биыл туғанына 90 жылдығына орай студенттермен «Жүмекен-күдірет» атты кездесу кешін өткізді. Жүмекен Нәжімедіновтың қызы Қарлығаш Нәжімедінова кешіміздің қонағы болды. Өзінің әкесі туралы ол кісінің ақындығы мен күйшілік өнері туралы қызықты деректермен бөлісті және студенттер ақынның өмірі жайлы сұрақтар қойды. Студенттерде өз өнерлерін көрсетті. Жүмекен Нәжімедіновтың өлеңдері мен қатар өздері шығарған жыр шумақтарымен таныстырды. Құрманғазыны күйлерін орындады. Кеш соңында Академияның атынан кішігірім сыйлық берілді.



3. Міржақып Дулатов – алаш зиялысы, ақын прозасы, аудармасы, драмашының туғанына биыл 140 жыл толуына орай Міржақыптанушы кафедрасының оқытушысы т.ғ.к., Иманбанва Сабира Сарбайқызымен бірлесіп, Алаш зиялыларын зерттеген қайраткерлермен кездесу ұйымдастырдық. Кешіміздің қонақтары т.ғ.д., профессор Жүгенбаева Г.С., тілші зерттеуші Бабақұмап Қинаятұлы, М.Тынышпаев атындағы АЛТ университетінде " ӘГП және ДШ" , кафедрасының ұйымдастыруымен " Ұлт азаттығы жолындағы М.Дулатовтың ағартушылық- саяси тұрғыдан халыққа қызметі ", - атты ғылыми- танымдық дөңгелек үстел өткізілді. М.Дулатовтың 140 жылдығына орай өткен іс- шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарихшы ғалымдары Жүгенбаева Г.С., Телеуова Э.Т., және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары Бабақұмар Хинаят., Рақыш Ж.С., қатысып, «Алаш» зиялылары туралы тағылымды үлгі - өнегелік ой - толғамдарымен бөлісті. Сондай-ақ, «Оян, Қазақ!» фильмінің продюссері Айсәуле Әбділдәнің пікірі мен Торғай өңірінен онлайн қосылған «Торғай мұражайлар» кешенінің басшысы Сәрсекей Гүлбану ханымның студенттерді М.Дулатовтың музейіндегі жәдігерлермен таныстыруы ерекше әсер етті. Алғы сөз сөйлеген, кафедра меңгерушісі Абдирайымова А.С., ұлттың рухын оятқан М.Дулатовтың қайраткерлігіне тоқталып, «Алаш» зиялысы М.Тынышпаевтың есімі берілген университетте білім алу студенттерге үлкен жауапкершілік екенін атап өтіп, болашақта кәсіби маман ретінде мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосасыздар деп сенім білдірді. Өз сөзінде Г.С.Жүгенбаева «Алаш» мұрасының сан-қырлы интеллектуалдық және патриоттық бағыттағы қырларына терең талдау жасады. Білім мен ғылымның ұлтты алға жетелеуші алып күш екендігіне бағыт жасаған «Алаш» мұрасының құндылығын тұжырымдады. Сондай-ақ, Э.Т.Телеуова баяндамасында: «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары – нағыз self-made тұлғалар еді. Олар интеллектуалдық күрестің алғашқылары

болды. Олай болса, осы дәуірдің жастары жасампаз, интеллектуал болуға ұмтылу керексіздер», - деп студенттерге ой тастады. Студенттер де белсенділік танытып, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышпаевтың өмірі, еңбектері туралы сұрақтар қойды. Қорытынды сөз алған, С.С.Иманбаева М.Дулатовтың 140 жылдығы - оның ұлттық руханиятымызға және мемлекетіміздің дамуына қосқан өлшеусіз үлесін, тағылымдық мәнін бағамдаудың бір мүмкіндігі болғандығын атап өтті. Алаш зиялыларының есімдері әрдайым отан сүйгіштіктің символы болып халықтың жадында мәңгі сақталады. Кеш соңында Шамшиева Г., келген қонақтарға „ALT“ университеті атынан естелік сыйлықтар табыстады.



4. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің қатарында аса көрнекті тұлға Мұхаметжан Тынышбаев болды. Ол – қазақтан шыққан тұңғыш инженер, әрі тарихшы. Ұлтжанды өз халқы үшін үлкен еңбек еткен тұлға. Осы асылдың ұрпағы техника.ғ. докторы, профессор Дәулет Шейх-Әли Тынышбаевтың бүгін дүниеден озғанына бір жыл толуына орай Қазақ Британ техникалық университетінде «М. Тынышбаев» қорының президенті Жүнісова Нұршакен апайдың ұйымдастыруымен дөңгелек стол өткізілді. Аталмыш іс шара «Ұлағатты ұрпақ – Өнегелі ғалым - Ұстаз» деп аталатын дөңгелек стол өте әсерлі болды. Физика.математика ғылымдарының докторы профессор Салтанат Нұраділқызы баяндама жасап, т.ғ.д., профессор Дәулет Мұхамеджанұлының осы Қазақ британ техникалық университетінде жұмыс жасаған кезеңде Ахметов Әділ ректор болып тұрған уақытта ол кісіге берілген марапаттар мен ғылым жолындағы жетістіктерін баяндады. Сонымен қатар т.ғ.д., профессор Дәулет Мұхамеджанұлымен ALT М.Тынышбаев атындағы академияның 90 жылдығында кездесіп, көптеген мағұлматтармен таныс болғандығын баяндады. Нұршакен апай т.ғ. докторы, профессор Дәулет Мұхамеджанұлы туралы ол кісінің қалай табылғандығын онымен кездесу барысында ағайындардың бастары бірігіп қарсы алғандығын көзіне жас ала отырып еске түсірді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жүгенбаева Гулбану Саламадинқызы М.Тынышбаевтың өмір жолы қиын тағдырын баяндаса, Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шамшиева Гаухар Сағындықызы т.ғ. докторы, профессор Дәулет Мұхамеджанұлының АҚШ та Чикаго қаласында Аширбаев Ғалымжан Қожахатұлымен бірге басына барып құран бағыштап, Аделия Дәулетқызымен танысып және ұлы т.ғ. докторы, профессор Асқар Дәулетұлымен кездескендігі туралы мәлімет берді. Тастүлеков Бақытжан Сәбитұлы 1997 жылы Дәулет Мұхаметжанұлымен Қазақстанға алғашқы рет келгенде ол кісімен сол кездегі белгілі тұлғалармен қарсы алып, үлкен жиындар өткізгендігін әсерлі әңгімелеп берді. Ашық пікір алмасу барысында ҚБТУ профессорларына сөз кезегі берілді: Исмаилов Абдуллахат Абдикаримович т.ғ. докторы, профессор Дәулет

Мұхамеджанұлымен жұмыс жасау барысында ол кісінің мұнай саласының мықты маманы әрі ғалым екендігіне тоқталды. Ал Умаров Фарид Факреевич т.ғ.докторы, профессор Дәулет Мұхамеджанұлының Ташкент туралы сұрағандығын және ол кісінің ұлы Асқар Дәулетұлының кафедраны басқару барысындағы жетістіктеріне тоқталды. Коробкин Валерий Васильевич т.ғ.докторы, профессор Дәулет Мұхамеджанұлы ол асылдың тұяғы қазақтан шыққан тұңғыш инженердің баласы, Мұхамеджан Тынышбаевтың Түрксіб темір жолын салудағы ерекше еңбегін бағалай отырып, 60 жылдары аталмыш тұлғаның еңбегімен таныныс болғандығын атап өтті. Дөңелек стол барысында М.Тынышбаев туралы «Ғасыр жобасы» фильмі көрсетілді. Кеш соңында М.Тынышбаев қорының жетекшісі Нұршакен апай Салтанат Нұрәділқызына «М.Тынышбаев» медалімен марапаттады.



5. 12 желтоқсан күні Алматы облысы Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Алаш зиялыларын еске алу күні өткізілді. Алматы облысының Талғар ауданына қарасты Тұздыбастау елді мекенінде Алаш қайраткерлері монументіне гүл соқтары қойылды. Аталмыш іс шараға Алаш зиялыларының ұрпақтары Нұршакен Жүнісова және Қожықова Сәуле сонымен қатар 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтар Хасан Қожа-Ахмет, Бейсенғазы Нүкен және қоғам қайраткері, саясаткер Дос Көшім қатысты. Сол жердің мәдениет

үйінде жастармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Хасен Қожа Ахметке сөз берілді. Ол кісі жастарға Тәуелсіздігімізді бағалай отырып, Алаш зиялылары салып кеткен жолмен жүруіміз керек деді. Одан кейін сөз кезегі белгілі қоғам қайраткері, саясаткер Дос Көшім мырзаға берілді. Алаш партиясының бағдарламасына ерекше тоқталып, оның мәнін жастарға түсіндірді. Ф.м.ғ докторы профессор Амиргалиева Салтанат Нұрадұлқызы М.Тынышбаевтың өмірі мен тағдырын жастарға ерекше әсерлі етіп айтып берді. Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шамшиева Гаухар Сағындықызы негізгі 3 мәселені қозғады, Алаш бағдарламасының 9 – шы бөлімі оқу ағарту сол кездері Сералы Лапин қазақ жастарын шетелдерде білім алуға шақырды. Қазіргі таңда бұл идея өз жалғасын «Болашақ бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып отыр». 2 ші мәселе Алихан Ермеков В.И. Ленинмен қазіргі қазақ шекарасын бекіткенін және М.Тынышбаевтың инженер әрі тарихшы екеніне ерекше назар аударды. Желтоқсан оқиғасына қатысқан Бейсенғазы Нүкен жастарға аталмыш Алаш қайраткерлеріне жергілікті жердегі монументі қалай тұрғызғандығын айтып берді. Осы кешті ұйымдастырушы Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бегенбаева Фариза Мамырбекқызы жиынға қатысушыларға өз алғысын білдірді. Жиын соңында Алаш қайраткерлерінің өмірі қойылым ретінде қойылып, шағын концертпен аяқталды.



6. 15 желтоқсан күні Қазақ спорт және туризм академиясының «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасы «Қонақтық дәріс» ұйымдастырды. Болашақ бағдарламасына» барып келген АЛТ Тынышбаев атындағы университетінен т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шамшиева Гаухар Сағындықызы мен Phd, АЛТ қауымдастырылған профессоры Құндақова Мақпал Жанатқалиқызы барды. «Сөз кезегі Шамшиева Гаухар Сағындықызына берілді. Құрметті студенттер мен ұстаздар! Шет елде оқу білім алу бір кездері Алаш зиялыларының арманы мен мақсаты болды. Елімізде Болашақ бағдарламасы көптеген жастарға жол ашуда. АҚШ білім беру жүйесі бізге мүлдем ұқсамайды. Студенттер ұстаздарынан білім ала отырып, тапсырмаларын уақытында өткізеді. Оларда мәдени іс шаралар, спорттық ойындар, ғылыми конференциялар ұйымдастырылып отырады. Біз барған Урбана Шампейн қаласында студенттерге жағдай жасалынған. Автобустар, бассейн, спорттық залдар тегін. Жатақханаларына да жағдай оар жасалынған. Студенттердің сабақтан кешігуі, қалып қою деген жоқ. Егерде студенттер ол сабақты үлгіре алмайтыны білсе, кредит санын төлеп жазғы семестрге қалады. Болашақта ағылшын тілін үйреніп барып келіңіздер әртүрлі ұлттардың мәдениеті мен салт дәстүрімен танысасыздар барсаңыздар өкінбейсіздер. Сөз кезегі Құндақова Мақпал Жанатқалиевнаға берілді. Құрметті студенттер мен ұстаздар! Мен бұл бағдарламамен бала шағаммен бардым. Мен мектептегі білім жүйесіне тоқталайын. Мектепте небәрі бес пән оқытылады. Балалар азанға 8-00 ден 14-30 ға дейін оқиды. Ертеңгісін автобус алып кетіп, алып келеді. Оқушыларға тамақ тегін беріледі. Кітап апармайды әр баланың өз шкафтары бар, сонда қалдырады. Бір қызығы үйге тапсырма берілмейді. Балаларда еркін форма. Мектепке ата ананы кіргізбейді. Тәртіп өте қатал сақталынған. Мектепке қажетті оқу құралдары мен жабдықтары тегін беріледі.

